

Педагог идеалы кәсіби өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытудың
бағдары ретінде



1. Педагогтің кәсіби өзін-өзі тануы және өзін-өзі дамытуы. Педагогтың кәсіби біліктілігі кәсіби құзырлылықтан көрініс табады. Педагогтардың кәсіби құзырлылығы – оның мақсат, мән, құрылым, құрал, тәсілдер жөніндегі ақпараттануын, кәсіби қызметін, осы қызмет технологиясын меңгеруін, педагог қызметінің маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ететін педагогтің жеке психологиялық сапаларын жетілдіру және стандартты емес тасымалдарды орындауға қабілеттілігі.

Құзырлылық оқытушының мамандықпен ғана шектеліп қалмай, ауқымды сұрақтар төңірегінде бағытталуын, кәсіби мобилділігін, өзгерістерге ашықтығын, өз білімін дамытуға дайындығын қамтамасыз етеді.

Кәсіби құзырлылық негізіне тәжірибелік біліктілік жатқызылады. Ол педагогикалық тапсырмаларды орындауға бағытталған педагогикалық әрекеттер жүйесі.

Кәсіби білікті мұғалімнің бойынан: ақпараттық – мазмұндылық; әлеуметтік – мазмұндылық; әлеуметтік – тұлғалық; рухани – адамгершілік; операциялық – процессуалдық құзырлылықтар кездеседі.

Педагогтың шығармашылығын дамытудың қысқаша формуласы: «теориялық білім + тәжірибе рефлексиясы = даму».

Ең бастысы, заман талабына сай білім беру мен тәрбиелеудегі тиімді ізденістер және әр елдің озық тәжірибелерін жүзеге асырып, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту, қоғамдық ортада өз ойын еркін айта алатын, мәдени – рухани құндылықтарға жан дүниесі бай, саналы, тәрбиелі азамат қалыптастыру - әр ұстаздың басты міндеті болуы керек.



2. ПЕДАГОГ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІ. ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ – ИНДИВИДТІҢ ӨМІР СҮРІП ОТЫРҒАН ҚОҒАМДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯ МЕН МӘДЕНИЕТТІ БЕЙНЕЛЕЙДІ. ҚҰНДЫЛЫҚТАР АДАМНЫҢ ӘРТҮРЛІ МАТЕРИАЛДЫҚ, МОРАЛЬДІК, САЯСИ ЖӘНЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ДЕГЕН ҚАТЫНАСЫНЫҢ ІШКІ НЕГІЗІН КӨРСЕТЕДІ.




ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БІРІККЕН, МАҒЫНАЛЫ ІС-ӘРЕКЕТ ҮРДСІНДЕ ҚАЛЫПТАСАДЫ ЖӘНЕ ТОП МҮШЕЛЕРІНІҢ ӘРТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ОБЪЕКТИЛЕР МЕН ҚҰБЫЛЫСТАРҒА ДЕГЕН ҚАТЫНАСЫН АНЫҚТАЙДЫ. МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНЫҢ ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢІНДЕ САЯСАТ, ЭКОНОМИКА, ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЙМАҚТАР ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУДА. НӘТИЖЕСІНДЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ИЕРАРХИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ ДА ӨЗГЕРУДЕ. “ҚҰНДЫЛЫҚ” ТЕРМИНІНЕ ФИЛОСОФИЯДА, СОЦИОЛОГИЯДА, ЭТИКА МЕН ПСИХОЛОГИЯДА КӨПТЕГЕН ӘРТҮРЛІ АНЫҚТАМАЛАР БЕРІЛЕДІ. БІЗДІҢ ОЙЫМЫЗША КЕЛЕСІ АНЫҚТАМА ҚҰНДЫЛЫҚ ҰҒЫМЫН ТОЛЫҚ АШАТЫН ТӘРІЗДІ.

ҚҰНДЫЛЫҚ – ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ӘДІСІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫН АНЫҚТАЙТЫН ИДЕЯНЫҢ, КӨЗҚАРАСТЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРҒА СӘЙКЕС ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ. ТҮЛҒАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЖЕТТІЛІКПЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЖАСАЙ ОТЫРЫП, СОЦИОГЕНЕЗ ҮРДСІНДЕ ҚАЛЫПТАСАДЫ. АДАМ ӘЛЕУМЕТТІК ТӘЖІРИБЕСІН ӨЗІНДІК ҚҰНДЫЛЫҚҚА АЙНАЛДЫРАДЫ. ҚҰНДЫЛЫҚТАР АДАМНЫҢ МІНЕЗІНІҢ КҮРДЕЛІ, ТҰРАҚСЫЗ, ТҮР ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАП ОТЫРАТЫН РЕТТЕГІШТЕРІ.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ҒЫЛЫМДА ПЕДАГОГ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІН, ОНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ МЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН, КӘСІБИ КОМПЕТЕНТТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУДА ӘРТҮРЛІ КӨЗҚАРАСТАР ҚАЛЫПТАСҚАН. ПЕДАГОГ ТҮЛҒАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРЫЛЫМДЫЛЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІНЕ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҚ, КӘСІБИ БЕЛСЕНДІЛІК, КӘСІБИ БІЛІМДЕР МЕН ШЕБЕРЛІКТЕР, КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТ, ЕС, ОЙЛАУ МЕН ҚИЯЛ, КӘСІБИ ӨЗІНДІК САНА, ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАТАРЫ ЕНЕДІ [2].

ТҮЛҒАНЫҢ КӘСІБИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҒЫ - ӨЗИНЕ, ІС-ӘРЕКЕТКЕ, БАЛАЛАРҒА ДЕГЕН ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕ КЛАСЫМЕН АНЫҚТАЛАДЫ. КӘСІБИ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҚТЫҢ ДАМУЫ ТӨМЕНДЕГІ ФАКТОРЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ: ПЕДАГОГТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ОНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ, ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫҒА ДЕГЕН ҰМТЫЛЫС, БАСШЫЛАР ТАРАПЫНАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ҰЖЫМДАҒЫ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ Т.Б.





**ПЕДАГОГ БОЙЫНАН ТАБЫЛАТЫН МАҢЫЗДЫ ҚАБІЛЕТТЕР ҚАТАРЫ
ТӨМЕНДЕГІДЕЙ:**

**1. АКАДЕМИЯЛЫҚ – МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА, ӘДЕБИЕТ, ШЕТ ТІЛІ СИЯҚТЫ
ҒАЛЫМ АЙМАҚТАРЫНА СӘЙКЕС ҚАБІЛЕТ. БҰНДАЙ ҚАБІЛЕТ МҰҒАЛІМНІҢ
ҒАЛЫМҒА ДЕГЕН ЖОҒАРЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫНАН КӨРІНЕДІ;**

**2. ДИДАКТИКАЛЫҚ – ОҚУШЫЛАРҒА ОҚУ МАТЕРИАЛЫН ТҮСІНІКТІ,
ҰҒЫНЫҚТЫ, ҚЫЗЫҚТЫ ЕТПІ БЕРУ. БҰЛ ҮРДІС НӘТИЖЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАР
БІЛІМ ЖАҒЫНАН ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕЛЕР КӨРСЕТЕДІ;**

**3. ПЕРЦЕПТИВТІ – БАЛАЛАРДЫҢ ІШКІ ДҮНИЕСІНЕ ЕНУ, БАЛАНЫҢ
ТҮЛҒАСЫН ТҮСІНУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛЫҒЫШТЫҚ
ҚАБІЛЕТІНІҢ БОЛУЫ;**

**4. КОММУНИКАТИВТІ - БАЛАЛАРМЕН ЖАСАЛАТЫН ПРОДУКТИВТІ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАС, СЕΝІМДІ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ ҚАБІЛЕТІ;**



**5. СӨЗДІК – ПЕДАГОГТЫҢ ӨЗ ОЙЫН АЙҚЫН, АНЫҚ ТІЛМЕН АЙТУЫ,
СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН МЕНГЕРУІ;**

**6. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ – ОҚУШЫЛАР ҰЖЫМЫН БІРЛІККЕ ШАҚЫРУ
ҚАБІЛЕТІ, ӨЗІНІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ, ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН
УАҚЫТТЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНА АЛУ ШЕБЕРЛІГІ;**

**7. ПРОЕКТИВТІ – ПЕДАГОГТЫҢ, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІН, САБАҚ
СЦЕНАРИЙН, СЫНЫПТАН ТЫС ШАРАЛАРДЫ ШЕБЕРЛІКПЕН ҚҰРУЫ;**

**8. АВТОРИТАРЛЫ – БАЛАЛАРҒА ЭМОЦИОНАЛДЫҚ-ЕРІКТІК ӘСЕР ЕТУ, ОСЫ
НЕГІЗДЕ АВТОРИТЕТКЕ ЖЕТУ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚИЯЛ, ӨЗІНІҢ ЖӘНЕ
БАСҚАЛАРДЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ НӘТИЖЕСІН АЛДЫН-АЛА КӨРЕ БІЛУ
ШЕБЕРЛІГІ.**





**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА
КЕЛЕСІ КОМПОНЕНТТЕР КІРЕДІ:**



**1. КОНСТРУКТИВТІ - ӨЗІНДІК ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЖӘНЕ БІЛІМ
БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ БАСҚА СУБЪЕКТІЛЕРДІҢ ІС-
ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ӘДІСТЕРІ, ФОРМАЛАРЫ, МАЗМҰНЫН-
ЖОСПАРЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ІС-ӘРЕКЕТ;**

**2. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ – ПЕДАГОГТЫҢ ОЙЛАҒАН
ОЙЫН ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕ ІСКЕ АСЫРУ ҚАБІЛЕТІНЕН,
ОҚЫТУ ҮРДІСІН ҰЙЫДАСТЫРУЫНАН КӨРІНЕДІ;**

**3. КОММУНИКАТИВТІ – ПЕДАГОГТЫҢ БАЛАЛАРМЕН
ҚАТЫНАС ЖАСАУ ШЕБЕРЛІГІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ІС-
ӘРЕКЕТІ;**

**4. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ – ПЕДАГОГТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
МІНДЕТТЕРДІ ЖАҒАША ШЕШЕ АЛУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ.
ҮРДІСТІК КӨЗҚАРАС ТҰРҒЫСЫНАН ҚАРАСТЫРСАҚ,
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРДІ ҚОЮДЫ, ОЛАРДЫ
ОРЫНДАУДЫҢ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН АМАЛДАРЫН ТАҢДАУДЫ,
ОҚУШЫЛАР МЕН ӨЗІНІҢ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ БАҒА БЕРУ МЕН
АНАЛИЗ ЖАСАУДЫ ҚАМТИДЫ.**





Назарларыңызға рахмет!!!!!!

